


Бекітемін:

Педагогикалық кеңестің №1, хаттама №1

шешімімен бекітілген

ҚМҚК «Жасұлан» Ясли-бақша

менгерушісі:  Темирбаева.Э.К

«» тамыз 20  жыл



**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР НЕГІЗІНДЕ**

ортаңғы (3 жастан бастап) «Күншуақ» «Қарлығаш» тобының
2020-2021 оқу жылының сурет бойынша перспективалық жоспары

Бейнелеу өнерінің оқытушысы: Абилжанова З.М

Касымова М.К

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ІСКЕ
АСЫРУДА ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ОРТА ТОБЫНА СУРЕТ ҰОҚ
2020- 2021 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР**

Қыркүйек айы. 2020ж		Өтпелі тақырып:«Балабақша»
ҰОҚ	Тақырыбы	Мақсаты
СУРЕТ	Менің балабақшам	Тақырыбы: «Сиқырлы жіптер». Заттық сурет салу. Мақсаты: Балаларға қарандашпен түзу сызықтарды сызуға үйрету. Міндеті: Балаларды қағаз түрлерімен және түрлі түсті қарындаштармен таныстыруды жалғастыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, қарындашты оң қолымен ұстауға,дөңгелек,таяқшаларды салуға үйрету.Ұқыптылықпен тазалыққа тәрбиелеу.
	Менің достарым	Тақырыбы: «Жолдағы іздер». Заттық сурет салу Мақсаты: Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Міндеті: Қылқаламды оң қолдарына ұстап сурет салуға жаттықтыру,саусақтың ұсақ бұлшықеттерін дамыту.Жолақ жолдарға бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету.Іздің әртүрлі пішіндерін байқату.Ұқыптылыққа ,әдемілікке тәрбиелеу.
	Сүйікті ойындармен ойыншықтар	Тақырыбы: «Түрлі түстіленталар». Заттық сурет салу. Мақсаты: Дайын тұрғанпішіндері дұрыс бояу дағдысын қалыптастыру. Міндеті: Балаларға түрлі түсті ленталар туралы түсінікберу,бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Жуан таяқшаға оралған губканыоң қолдарына ұстап, түзу сызықтар сызуды, екі, үш түсті бояумен сызуға үйрету.Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
	Жиһаздар	Тақырыбы: «Сандықты әшекейлеу». Сәндік сурет салу. Мақсаты: Балаларға дайын нысандарды әшекейлеуді үйрету. Міндеті: Балаларға қазақтың ұлттық ою –өрнектері «Құсқанаты»,«Толқын» элементтерін қолдана отырып,сандықты әшекейлеуге үйрету. Сандыққа ою элементтерін жүйелі түрде орналастыру дағдыларын қалыптастыру, шығармашылықтарын арттыру. Қазақхалқының сәндік-қолданбалы өнеріне қызығушылық таныту.
Қазан айы. 2020ж		Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»
ҰОҚ	Тақырыбы	Мақсаты

СУРЕТ	Ата-ана еңбегі	Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған сақина». Заттық сурет салу. Мақсаты: Дөңгелек пішінді заттың суретін салып үйрету. Міндеті: Балаларды сақинаның дөңгелекке ұқсастығын тауып,соны сала білуге жаттықтыру. сақина салуда бояуды сызықтың шеттеріне шығармай бояуды үйрету, сурет салуға қызығушылықтарын арттыру,ұқыптылыққа тәрбиелеу.
	Менің көшем	Тақырыбы: «Біздің көшедегі жол». Заттық сурет салу. Мақсаты: Балалардың қоршаған әлем жайындағы түсініктерін кеңейту,ұқыптылыққа тәрбиелеу. Міндеті: Түрлі түсті бояулармен түзу сызықтарды салуды үйрету, жолды солдан оңға қарай орналастырып бояу. Өз бетінше жұмыс жасауды үйрету және шығармашылықтарын арттыру.
	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	Тақырыбы: «Бұлт күнді жапты». Сюжетті сурет салу. Мақсаты: Қоршаған әлемнің сұлулығына эмоционалды және эстетикалық талғамның дағдыларын қалыптастыру. Міндеті: Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда қалқып жүрген бұлттардың қалқыған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру.Табиғатты сүйе білуге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу.
	Алтын күз	Тақырыбы: «Алтын күз».Сюжеттік сурет салу. Мақсаты: Қылқаламының үшімен басып жағуды үйрету. Міндеті: Балалардың күзгі табиғат құбылыстарындағы ерекшеліктерді әсерлі қабылдай білуін қалыптастыру.Күз бейнесінің сюжетті суретін салу барысында,жапырақтарды әр жеріне қылқаламның ұшын басып жағу тәсілімен салуды үйрету. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.

Қараша айы. 2020 ж

Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»

ҰОҚ	Тақырыбы	Мақсаты
СУРЕТ	Ментуралы	Тақырыбы :«Әдемі көйлек». Сәндік сурет салу. Мақсаты: Дәстүрден тыс әдісті пайдалану. Міндеті: Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Саусақпен немесе мортанбалармен, қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамынарттыру, әдеміліккетәрбиелеу.
	Дұрыс тамақтану. Витаминдер	Тақырыбы:«Кесеніәшекейлейміз».Сәндіксуретсалу. Мақсаты: Балалардың қазақтың ою-өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Міндеті: Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ирексу»ою-өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылыққа білеттерін дамыту. Тазалыққа, салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.
	Өзіңе	Тақырыбы:«Саты».Заттықсуретсалу. Мақсаты:Түзусызықтарды салуға үйрету.

және өзгелерге көмектес	Міндеті: Балаларға жануарлардың бейнесіне лайықты дауыс ырғағына қарай сатыға орналастыруды түсіндіру Керіктің мойнының ұзындығына қарай түрлі бағыттарда сызықтар жүргізіп оларды қиыстырып баспалдақ салуға үйрету. Жануарларға деген сүйіспеншілікке, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.
Біз Батыл және шапшаңбыз	Тақырыбы: «Жапалақтап қар жауды». Сюжеттік сурет салу. Мақсаты: Балаларды тіс пастасын пайдаланып сурет салуға ықпал ету. Міндеті: Қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағаштарға, жерге қарай қардың қалай әдемі болып түсетіндігін бақылату. Көк түс пен ақ түстің бір-бірімен үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Таяқшаларды пайдаланып тіс пастасымен қар салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Желтоқсан айы. 2020 ж		Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»
ҰОҚ	Тақырыбы	Мақсаты
СУРЕТ	Біздің Тарихқа саяхат	Тақырыбы: «Ұзын құлақты, сұр қоян». Заттық суретсалу. Мақсаты: Дөңгелек және сопақша тұратын заттардың пішіндерді үйлестіре білуге үйрету. Міндеті: Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үйлестіре білуге жаттықтыру. Дөңгелек және үлкен-кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға қалыптастыру. Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.
	Менің Туған өлкем	Тақырыбы: «Қуыршақтың мойын орағышы». Заттық сурет салу. Мақсаты: Балаларға біздің өлкенің байлықтары туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру. Міндеті: Балалардың мойын орамал туралы Түсініктерін қалыптастыру. Мойын орамалдың суретін салуда сызықтарды дұрыс сызу және ұқыпты бояй Білуге үйрету. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.
	Астана – біздің отанымыздың астанасы	Тақырыбы: «Сылдырмақ». Заттық сурет салу. Мақсаты: Балалардың қоршаған әлем жайындағы түсініктерін кеңейту, өздерінің сүйікті ойыншықтарын салу қызығушылықтарын артыру. Міндеті: Сылдырмақ жайында әңгімелету, тақпақтар айтқызу арқылы сөздік қорын байыту, сурет сала білуге үйрету, көркемдік талғамын дамыту.
	Тәуелсіз Қазақстан	Тақырыбы: «Шырша ойыншықтары». Заттық суретсалу. Мақсаты: көркем материалдар мен құралдарды таңдаудағыларын қалыптастыру. Міндеті: Шыршаны әшекейлеу үшін түрлі әдістермен, қылқаламмен, мақталы таяқшамен сурет салу әдістерін үйрету арқылы эстетикалық талғамын дамыту, әдемілікті, әсем безендірулерді сезіне білуге тәрбиелеу.


Бекітемін:
Педагогикалық кеңестің №3, хаттама №3
шешімімен бекітілген
«Жасұлан» бөбекжайы» КМҚК
менгерушісі:  Темирбаева.Э.К



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР НЕГІЗІНДЕ
ортаңғы (3 жастан бастап) «Күншуақ» «Қарлығаш» тобының
2020-2021 оқу жылының сурет бойынша перспективалық жоспары

Бейнелеу өнерінің оқытушысы: Абилжанова З.М
Касымова М.К

Қаңтар айы. 2021 ж		Өтпелі тақырып «Табиғат әлемі»
ҰОҚ	Тақырыбы	Мақсаты
СУРЕТ	Бізді қоршаған орта	Тақырыбы: «Қысқы шыршалар». Сюжеттік сурет салу. Мақсаты: Балалардың дәстүрден тыс сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру. Міндеті: Шаршыдағы қар бейнесін тіс пастасымен салуды үйрету. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.
	Жануарлар әлемі	Тақырыбы: «Қоянға арналған сый». Заттық сурет салу. Мақсаты: Жеміс –жидектердің суретін салуды дағдыландыру. Міндеті: Балалардың қоян туралы түсініктерін кеңейту, жеміс-жидектер мен көкөністердің суретін салуды үйрету. Сопақ және дөңгелек заттардың суретін салуға, олардың көркемдік сипатын бейнелеуге үйрету. Қарындаштармен сурет салу және бояудың техникалық дағдыларын қалыптастыру. Аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.
	Құстар – біздің достарымыз	Тақырыбы: «Құстар».Заттық сурет салу. Мақсаты: Балалардың құстар туралы түсініктерін кеңейту,заттарды бояу дағдыларын жетілдіру. Міндеті: Құстардың үнін, қимыл-қозғалысын бейнелеп, денебөліктерін ажырата білуге үйрету. Құстардың бейнесін қарандашпен сала білуге үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Құстарға қамқорлық жасап, қорғай білуге тәрбиелеу.
	Сиқырлы қыс	Тақырыбы: «Қаркесегі». Заттық сурет салу. Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейту, дәстүрден тыс сурет салу техника дағдыларын қалыптастыру. Міндеті: Көк түспен ақ түстің бір-біріне Үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Тіс пастасымен мақталы таяқшаның көмегімен қар кесегінің суретін салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік Сезімдерін арттыру.

Бекітемін:
Педагогикалық кеңестің №3, хаттама №3
шешімімен бекітілген
«Жасұлан» бөбекжайы» КМҚК
меңгерушісі:  Темирбаева.Ә.К

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР НЕГІЗІНДЕ
ортаңғы (3 жастан бастап) «Күншуақ» «Қарлығаш» тобының
2020-2021 оқу жылының сурет бойынша перспективалық жоспары

Бейнелеу өнерінің оқытушысы: Кузеубаева Г. К

Ақпан айы. 2022 ж		Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»
ҰОҚ	Тақырыбы	Мақсаты
СУРЕТ	Өлі Және тірітабиғат	Тақырыбы: «Аққала».Заттық сурет салу. Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар, үлкен-кіші дөңгелектерді салу, туралы түсініктерін кеңейту Міндеті: Аққаланың бейнесін үзік сызықтарды бір-Бірімен қосу арқылы салуды үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Эстетикалық талғамын дамыту.
	Көліктер	Тақырыбы: «Менің мәшинем». Заттық сурет салу. Мақсаты: Дөңгелек пішінді заттарды салу дағдыларын кеңейту. Міндеті: Балалардың мәшине жайлы түсініктерін, айналадағы қоршаған ортадан көргендерін, алған әсерлерін бейнелеу іс-әрекетінде бере білуге жаттықтыру.Тіктөрт бұрыш,дөңгелек пішіндерден тұратын заттық сурет салу дағдыларын қалыптастыру.Ұқыптылыққа, әдемілікке үйрету.
	Электроника әлемі	Тақырыбы: «Тікенектікірпі». Заттықсуретсалуды. Мақсаты: Балаларға қол жетімді құралдармен қарапайым суреттерді салуды үйрету. Міндеті: Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру. Қысқа түзу сызықтарды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру. Жануарлар ға, аңдарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.
	Барлық Мамандықтар қажет	Тақырыбы: «Арба сүйреген есек». Сюжеттік сурет салу. Мақсаты: Еңбеккедеген көңіл-күйлерінің әсерін сурет салу арқылы беруді үйрету. Міндеті: Балаларға арба көліктің бірі екендігі туралы түсініктер беру, қарапайым сюжеттік композициялардың сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Қарындашпен үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салу жолдарын түсіндіру.Эстетикалық талғамын қалыптастыру.
Наурыз айы. 2022 ж		Өтпелі тақырып «Салттар мен фольклор»
ҰОҚ	Тақырыбы	Мақсаты
СУРЕТ	Қазақстан халқының салт-дәстүрлерімен әдет-ғұрыптары	Тақырыбы: Өрнекті кілемше. Сәндік сурет салу. Мақсаты: Өрнекті кілемшені қазақтың ою-өрнек элементтерімен ирек сызықтарды пайдаланып әшекейлей білуге үйрету Міндеті: Ою-өрнектер туралы түсініктерін дамыту. Кілемшені «Қой ізі» және «ирексу» өрнегімен әшекейлеуді үйрету. Бояуды дұрыс пайдалана білуге, әсемдікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
		Тақырыбы: «Анама арналған моншақ». Заттық сурет салу. Мақсаты: дөңгелек заттардың суретін салу дағдыларын қалыптастыру.

	Сикырлы ертегіле әлемі.Театр әлемі.	Міндеті: Балаларға дөңгелек болып сызылған жіпке бояуымен бірдей көлемде дөңгелек моншақтардың суретін салуды үйрету. Моншақтың сәндік бұйым екендігін түсіндіру арқылы эстетикалық талғамын дамыту. Көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.
	Ұлттық шығармашылық	Тақырыбы: «Табақты әшекейлеу (қазақ ұлттық ою-өрнектерін дөңгелекпен сопақшаға салу)». Сәндік сурет салу. Мақсаты: Балаларды кеңістікте өрнекті үйлестіре білу дағдыларын қалыптастыру. Міндеті: Бояу реңктерін таңдауға және үлгіге қарай отырып оны сақтауға дағдыландыру, жұмыс кезінде сызбаны пайдалану, әсемдікті сезіне білу арқылы эстетикалық тәрбие беру.
	Көктем-керемет!	Тақырыбы: «Күн жарқырап,шөп өсті». Сюжеттік сурет салу. Мақсаты: көлденең сызықты сызу дағдыларын қалыптастыру. Міндеті: балаларға шөптердің суретін салуды үйрету, көктемде табиғаттың өзгеруі туралы әңгімелеу; гуашьпен салу мүмкіндігін дамыту. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.
Сәуір айы 2022 ж. Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»		
ҰОҚ	Тақырыбы	Мақсаты
СУРЕТ	Гүлдермен безендіреміз	Тақырыбы: «Бақбақтар». Заттық сурет салу. Мақсаты: дәстүрден тыс сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Көктемгі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Саусақпен басу әдісі арқылы бақбақтың суретін салуды үйрету. Табиғатты сүйе білуге, жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу.
	Асатасы–нан	Тақырыбы: «Мерекелік бөліш». Заттық сурет салу Мақсаты: екі бөліктен тұратын заттардың суретін салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеті: Дәстүрлі мерекелер туралы түсініктерін кеңейту, мерекелік пирогтың суретін салуды үйрету. Балалардың эстетикалық талғамын дамыту. Қоршаған ортаға қызығушылықтарын таныту.
	Жәндіктер	Тақырыбы: «Кірпіге арналған сый».Заттық сурет салу. Мақсаты: дөңгелек және сопақ заттардың суретін салудағдыларын қалыптастыру. Міндеті: Кірпіге арналған сый (алма, саңырау құлақтар) салуға қызығушылықтарын арттыру, бояумен сурет салу дағдыларын бекіту. Қағаз бетіне езілген бояуды жүргізу арқылы толық бояуға қызықтыру. Эстетикалық талғамдарын арттыру.
	Достарымызға көмектесуді үйренеміз	Тақырыбы: «Сүйікті ойыншықтарым». Өз бетінше. Мақсаты: Балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту, өз бетінше бейнелердің суретін салу дағдыларын нығайту. Міндеті: Өз ойыншықтарын сипаттап әңгімелету арқылы сөздік қорын молайту. Сүйікті ойыншықтарының суретін салуға жаттықтыру. Сурет салу дағдыларын қалыптастыру, ойыншықтарына ұқыптылық пен қарауға тәрбиелеу.
Мамыр айы 2022ж. Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»		

ҰО Қ	Тақырыбы	Мақсаты
СУ РЕ Т	Бір отбасында	Тақырыбы:«Алжапқышты әшекейлейміз»(киімнің жиегіне ұлттық ою-өрнек салу).Сәндік сурет салу. Мақсаты: ою элементтерінің суретін салу дағдыларын кеңейту. Міндеті: Балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіру. Алжапқышты ұлттық ою-өрнектермен әшекейлеуді үйрету. Іскерлік дағдыларды қалыптастыру,алжапқышты әдемілеп әшекейлеу арқылы эстетикалық талғамын дамыту.
	Отан қорғаушылары	Тақырыбы: «Мерекелік отшашу». Сюжеттік сурет салу. Мақсаты: Мереке және меркелік отшашу жайындағы түсініктерін кеңейту, қиын емес сюжеті суретті салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеті: Балаларды фломастерді дұрыс пайдаланып сурет салуға жаттықтыру. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңілкүйлерін көтеру.Үзік сызықтарды үйлестіре қосу арқылы отшашудың суретін салуға үйрету. Қоршаған ортаны бақылап, оның өзгерістерін байқай білуге үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға, өз өлкесіне сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.
	Қош келдің жаз!	Тақырыбы: «Балапандар көкшалғында». Сюжеттік сурет салу. Мақсаты: қарапайым сюжеттердің суреттерін салу дағдыларын кеңейту. Міндеті: Көкшалғындағы балапандар жайлы түсініктерін жетілдіру, сөздік қорларын жетілдіру. Сүк саусақпен және фломастермен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, эстетикалық талғамын дамыту.
	Менің қолымнан бәрі келеді	Тақырыбы: «Сүлгіні әшекейлейміз». Сәндік сурет салу. Мақсаты: Геометриялық пішіндерден өрнектерді салуды үйрету. Міндеті: Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру.Тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету, сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықпен сызуға жаттықтыру. Эстетикалық тәрбие беру.